

28 Мамыр  
Сейсенбі,  
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады

# ОЙЫЛ

## «КЕЗДЕСУДІ КЕЙІНГЕ ШЕГЕРДІК!»

СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН БІЗДІҢ АУДАНЫҢ ҚАРАТАЛ АУЫЛЫНА ӨЗГЕ ӨНІРЛЕРДЕН КЕЛІП ЖАТҚАН ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕКТЕ ЕСЕП ЖОҚ. БӘРІ ДЕ ҚАЛ-ҚАДІРІНШЕ ҚОЛҰШЫН СОЗУДА. ЕНДІ ОҒАН ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕПТІҢ ӨР ЖЫЛҒЫ ТҮЛЕКТЕРІ ДЕ АТСАЛЫСЫП ЖАТЫР. КЕШЕ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНАН 12 ҚАЗАҚҒЫ ҮЙ КЕЛДІ.



Наурыз айында орын алған су тасқыны салдарынан бар жиғаны көз алдарында суға ағып, қара шаңырақтары опырылып құлап, табиғат апатының қиындықтарына тап болған Қаратал ауылының тұрғындарына Ш. Берсиев атындағы мектептің 1999 жылғы мектеп түлектері Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласындағы Бұрғылау ұжымымен бірлесіп 12 қазақ үй сыйлады. Қаратал ауылының су тасқынынан зардап шеккен ауылдастары-

на бір ауыздан көмек қолын созу мақсатында әрқайсысы бере алған көлемде жинаған қаражатқа Алматыдан арнайы тапсырыспен 12 қазақ үй жасатып алдырған болатын. Су тасқыны кезінде Ойыл ауданының мектеп залдарына эвакуацияланған тұрғындар қазіргі уақытта үйлеріне оралып, қалған дүниелері мен малдарын түгендеп қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуде. Өзірге үкімет үй салып бергенше әркім өз бетінше әрекет етуде. Қолы жеткендер

көмекке берілген шатырларға уақытша орналасса, шатыр жетпегендер құлаған үйлердің үйінділерінен күрке жасап алып паналауда.

- Еліміздегі орын алған су тасқыны апаттық жағдайы шыны керек бәрімізді есеңгіретіп қойғаны рас. Әрине осы сәтте, елдіміз бен бірлігімізді көрсету өте маңызды екенін ескергендіктен, ауылдың 1982 жылы туған құрдастар болып Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласындағы Бұрғылау ұжымымен

бірлесіп су тасқынынан зардап шеккен Қаратал ауылына көмек қайырымдылығымызды беруді қолға алған едік. Дәл қазіргі уақытта бұл ауылға үкімет тарапынан берілетін баспаналары салынғанға дейін уақытша тұратын қазақ үйлер керек. Біздер алған қазақ үйлердің сыртқы қаптамалары арнайы жаңбырдан, күннен, салқыннан қорғауға арналған. Берілетін қазақ үй аз болғандықтан ең бірінші кезектегі осал топтар қатарына жататын мүгедектігі бар және көп балалы аналарға бердік. Табиғи апаттан кейінгі ауылдың жағдайын көзбен көру кім-кімге де оңай тимейді. Алла жеңілдігін беріп, табиғи апаттан зардап шеккендердің жағдайлары тезірек жақсаруын тілеймін, - дейді Ш. Берсиев атындағы мектептің 1999 жылғы түлектерінің бірі, бүгінде Жаңаөзен қаласында тұрып жатқан Ернар Сержанұлы.

**PS Herizi Ш. Берсиев атындағы мектептің 1999 жылғы түлектері биыл мектеп бітіргендерінің 25 жылдығын өткізуді ойластырған еді. Сол мақсатта жиналған қаржыны ақылдаса келе, ауылдастарына осындай көмекке жұмсауды ұйғарған түлектеріне жерлестері де шынайы ризашылығын білдіріп жатыр.**

## ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ДЕПУТАТЫ

СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРМЕН КЕЗДЕСТІ



Облыстық мәслихат депутаты, облыстық қоғамдық штаб мүшесі Естай Сисенбаев Ойыл ауданында жұмыс сапарымен болды.

Алдымен, аудан орталығындағы Ойыл кәсіптік колледжінде орналасқан эвакуациялық пунктке барып, су тасқынынан зардап шеккен тұрғындармен жүздесіп, қал-жағдайларын сұрасып, эвакуациялық пункттегі жәй-күйді қарады. Сонымен қатар Ойыл орталығынан Ойыл ауылдық округіне қарасты Екпетап және Жаңабаз ауылы тұрғындарына арналып бой көтергелі отырған тұрғын үй құрылысының барысымен танысты.

Бой көтергелі отырған тұрғын үй құрылысына жауапты компания "Кереге-2023" ЖШС - мен 10 (он) үй салынатын болады. "Шұғыла" мәдениет және демалыс орталығында аудандық штаб мүшелерімен кездесіп, аудан әкімінің орын-

басары Нұржау Тұрғамбеков қазіргі аудандағы ахуалға байланысты атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып өтіп, штаб мүшелері өздерімен атқарылып жатырған жұмыстарды баяндап, ұсыныс-пікірлері тыңдалды. Ш.Берсиев атындағы ауылдық округіне қарасты Қаратал ауылында болып, аудан әкімдігі ғимаратында ауылдық округ тұрғындарына қабылдау жүргізді. Жаңадан бой көтеретін тұрғын үй салушы мердігер компания өкілдерімен кездесіп, жұмысты ыждағаттауларын тапсырды.

Құрылысы басталған тұрғын үйлерде болып, құрылыс барысындағы мердігер компания өкілдерімен жүздесті. "Аманат" партиясы Ойыл аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде аудан тұрғындарына қабылдау жүргізіп, ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

## КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ШЫҒЫН ҚАЛАЙ ТӨЛЕНЕДІ?

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША СУ ТАСҚЫНЫНАН 79 КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІСІ ЗАРДАП ШЕКТІ. ШЫҒЫН КӨЛЕМІ ШАМАМЕН — 1 483,9 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ. АЛ ЗАРДАП ШЕККЕН КӘСІПКЕРЛЕР КӨМЕКТІ ҚАЛАЙ АЛАДЫ? ЕРЕЖЕСІ ҚАНДАЙ? БҮЛ ТУРАЛҒЫ ӨНІРЛІК КОМУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІНДЕ ӨТКЕН БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА АЙТЫЛДЫ.



Облыстық кәсіпкерлік басқармасының басшысы Алмас Салықбаевтың айтуынша, қалада 49 шағын және орта бизнес субъектісі шамамен 1 183,2 миллион теңге көлемінде зиян шеккен. Оның ішінде жекеменшік мектептер, балабақшалар, демалыс базалары мен жеке медициналық орталықтар бар. Ал, Темір ауданында 5 шағын және орта бизнес субъектісіне зиян келсе, Ойылда — 13, Қобдада — 7, Мұғалжарда — 4, ал Әйтеке би ауданында бір шағын кәсіпкерлік зардап шеккен.

— Кәсіпкерлерге шығын Ұлттық экономика министрлігінің бұйрығымен бекітілген ереже сәйкес төленеді. Осыған

байланысты өңірлік комиссия құрылып, өтініш қабылдау басталды. Қазіргі таңда алдын ала анықталып отырған 1 483,9 миллион теңге қаржы нақты емес, бағалаушылардың қорытындысынан кейін ғана белгілі болады. Яғни бұл азаюы немесе көбеюі мүмкін. Алгоритм бойынша судан зардап шеккен аудандарда арнайы комиссия құрылады. Шағын және орта бизнес субъектісінің басшысы аудандағы комиссияға жүгінеді. Комиссия зардап шеккен нысанға барып, «зардап шекті» деген қорытынды береді. Осыдан кейін кәсіпкер бағалаушының көмегіне жүгінеді. Ал бағалау жұмысы

шыққаннан кейін барлық құжаттар жинақталып, өңірлік комиссияға тапсырылады. Комиссия шешімі бес жұмыс күні ішінде шығады. Ал қаржы үш бағыт бойынша төленеді. Бірінші, бағалаушыға жұмсаған қаржы төленеді. Екінші, тауарлық заттардың құны өтеледі. Бұл кәсіпкердің салық органдарындағы қаржы айналымы бойынша өтеледі. Үшінші бағалау қорытындысы бойынша анықталған қаржы төленеді. Кейбір кәсіпкерлер «біздің жабдықтарымыздың бағасы жоғары» деп, көрсетілген қаржымен келіспеуі мүмкін. Егер кәсіпкер комиссия шешімімен келіспесе, сотқа арыз түсіруіне құқы бар, — деді кәсіпкерлік басқармасының басшысы.

Өңірлік комиссия отызыншы қарашаға дейін жұмыс істейді. Ал қаржы республикалық бюджеттен төленбек. Сондай-ақ төтенше жағдай жарияланбаған аудандардағы су тасқынынан зардап шеккен кәсіпкерлер де комиссияға өтініш түсіре алады. Азаматтарды қандайда бір сұрақ мазаласа, 8705-171-33-87 нөмірі арқылы кәсіпкерлік басқармасына хабарласып, кеңес алуына болады. Баспасөз конференциясында облыс бойынша аймақтық кәсіпкерлер палатасы директорының құқықтық мәселелер бойынша орынбасары Руслан Құйшинов атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндады.

**Көмшат ҚОПАЕВА.**

## «ӨНЕР – ӨМІР ӨРНЕГІ»

ЕЛІМІЗДЕ 21 МАМЫР – МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ БОЛЫП БЕКІТІЛІП, КӨСІБИ МЕРЕКЕ РЕТІНДЕ 2013 ЖЫЛДАН БЕРІ АТАЛЫП КЕЛЕДІ. БҮЛ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ АДАМДАРЫНА ДЕГЕН АЙРЫҚША ҚҰРМЕТТІҢ БЕЛГІСІ ЖӘНЕ ӨРБІР МӘДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРІ ҮШІН ЕРЕКШЕ КҮН.



«Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында мәдениет саласының ардагерлері мен қызметкерлеріне арналып мерекелік шара өтті.

Аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев аудандық абыройы үшін уақытпен санаспай жүретін жандарға арнап, бірнеше қызметкерге аудан әкімінің алғыс хатын тапсырып, сый-сыяпатын ұсынды. Одан кейін аудан өнерпаздары есем әндерімен әрлеген мерекелік шарада аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдин, аудандық ішкі саясат, мәдениет және тіл-

дерді дамыту бөлімінің басшысының уақытша міндетін атқарушы Бақберген Мұхамбетқали, «Аманат» партиясы Ойыл аудандық филиалының атқарушы хатшысы Еркін Жиеналин, аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, майор Ернұр Асқаров, жастар ресурстық орталығының басшысы Жангүл Ізғарина, аудандық аурухананың бас дәрігері Сәндібек Нұрбаев, аудандық полиция бөлімі бастығы, полиция подполковнигі Ардақ Қангелдин, Ойыл кәсіптік колледжінің директоры Серік Займолдиндер барша өнер қызметкерлерін кәсі-

би мерекелерімен құттықтап, шығармашылық табыс тіледі. Сонымен қатар ауданның мәдениет саласына өзіндік үлесін қосып келе жатқан өнер иелерін марапаттады. Сондай-ақ, мерекелік шарада әртүрлі мерейлі жасқа толып жатқан мерейтой иелері де мереке күні құттықтаудан қалыс қалған жоқ. Өрі қарай арнайы жайылған дастархан басында мәдениет саласының ардагерлері кейінгі буынға ақ батасын беріп, ыстық лебіздерін жеткізді. Мереке кезінде елеп-ескеріп, сый-құрмет көрсетіп жатқан ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді.

## ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ САЙЛАУ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

Ойыл аудандық мәслихаты Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 10 бабының 3 тармағына сәйкес, округтік, учаскелік сайлау комиссияларының мүшелігінен шығып қалған бос орындарға сайлау үдерісінің басталуы туралы хабарлайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураларды да ұсынуға құқылы.

Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихат сайлау комиссиясының мүшелігіне өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстары бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылған сайлау комиссиясынан жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2024 жылдың 24 мамырынан бастап 7 маусымға дейін мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

1) сайлау комиссияларының құрамына кандидатура туралы белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматтағы мәлімет;

2) аумақтық сайлау комиссиясының құрамына кандидатты ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдерінен үзінді;

3) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің тіркелгендігі туралы құжаттың көшірмесі;

4) кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысандағы өтініші.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған тұлға, Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссиясының мүшелігіне кандидат аталған комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруы қажет.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 23 бабының 2 тармағында көзделген, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі бір ұйымның қызметкерлері болмауы керек.

Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағайындары мен апа-сіңілілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды. Мәслихатқа ұсынылатын қағаз нысандағы барлық құжаттар қол қойылуы, мөрмен расталуы және орындалған күні, орындалушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгілі қамтуы тиіс. Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2024 жылдың 7 маусымға дейін, дүйсенбіден жұма аралығында сағат 09:00 ден 18:30-ға дейін жүргізіледі, үзіліс сағат 12:30-дан 14:00-ге дейін.

Ойыл аудандық мәслихаты, Мәслихаттың мекен-жайы: Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі 43 үй.

Жауапты тұлға – Дүсіпова Гүлнұр Тілеуғалиқызы, қалааралық телефон коды (871332), қызмет телефондары 2-13-70, 2-11-78, факс: 2-13-70, ұялы телефоны 8-705-918-28-96 электрондық пошта: maslihat.uil@mail.ru

### САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ БОЙЫНША БОС ОРЫНДАР:

| Округтік, учаскелік сайлау комиссиясының номері | Комиссия құрамындағы бос орын саны |
|---|------------------------------------|
| № 8   | 1                                  |
| № 11  | 1                                  |
| № 569   | 1                                  |

### КАРАНТИНДІК АРАМШӨП - ЖАТАҒАН ҰКЕКІРЕ

ЕЛІМІЗДІҢ АГРАРЛЫҚ КЕШЕНІ МЕН АУЫЛДЫҚ АЙМАҚТАРДЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ СТАНДАРТҚА САЙ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ БҮГІНГІ ҚОЙЫЛЫП ОТЫРҒАН ТАЛАПТАРДЫҢ БІРІ. ОСЫҒАН ОРАЙ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ДАҚЫЛДАРЫН АУРУЛАРДАН, ЗИЯНКЕСТЕРДЕН ЖӘНЕ АРАМШӨПТЕРДЕН ҚОРҒАУ МАҚСАТЫМЫЗ ДІП ҚАРАСТЫРУЫМЫЗ КЕРЕК.



Арамшөптердің ішінде ерекше атап өтетіні - жатаған үкекіре (қызылты), зиянды және ең қиын жойылатын атпатамырлы көпжылдық арамшөп. Өсімдіктің биіктігі 20-70 см. Сабағы тік, жапырақтары түкті, сабақ бойында кезекпен орналасқан, сағасыз, тілімденген, жоғары жапырақтарының жиектері тегіс. Көбеюі тұқыммен немесе тамыр атпаларымен-вегетативтік жолдармен жүреді. Бұл арамшөп далалық жерде, егістікте, сортаң жерлерде, суармалы жерлердің арықтарының бойында, автокөлік жолдарының жиектерінде өседі. Зияндылығы аса жоғары: егістікті ластайды, жайылымның өнімділігі, мал азығының сапасы төмендейді. Карантинді арамшөп жатаған үкекіремен күресу кешенді түрде жүргізілуі керек. Ол кәдімгі арамшөптер тәрізді бір рет тамырын кесіп тастау арқылы

жойылмайды. Оның тамыры 10 метрге дейін кететіндіктен кесіп тастағанның өзінде қайта көктеп өсуін жалғастырады. Агротехникалық әдістердің мақсаты тамырды ұсақ бөлшектерге бөліп, тамырдағы қоректік органикалық затты азайту арқылы тамырдан қайтадан өсуіне жол бермеу. Тағы да тиімді күрес шарасы - терең қопсытып жырту. Агротехникалық өңдеуді сабақтану фазасында 2-3 жапырақ кезінде жүргізу керек. Жатаған үкекіреден арылу үшін агротехникалық шаралармен қатар міндетті түрде гербицидтерді де тиімді қолдану қажет. Гербицидтерді қолдану тәсіліне әсіресе бүгінгі күні, яғни топырақты тайыз өңдеу немесе мүлдем топырақ өңдеуден бас тарту кезінде ерекше көңіл бөлінеді.

**Б. АБДУЛЛИН,**  
Аудандық аумақтық инспекция басшысы.

## ТҮРҒЫНДАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ ЕСКЕРІЛДІ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ ҚАРАСТЫРЫЛЫП ЖАТЫР

ӨТКЕН АПТА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ САРАЛЖЫН ЖӘНЕ ҚАЙЫНДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНІҢ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ. КЕЗДЕСУДЕ АУДАН БАСШЫСЫ АУДАН КӨЛЕМІНДЕ 2024 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР-МАМЫР АЙЛАРЫНА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРҒА ТОҚТАЛЫП ӨТТІ.



Ал, тұрғындармен кездесуде Тайсойған негізгі мектебінің мұғалімі М.Асылбекова «Бестамақ ауылына көктемгі су тасқыны салдарынан зардап шеккендерге қашан үй салынады, үйіміз тұруға жарамсыз. Осы мәселені шешіп берсеңдер» - десе, зейнеткер Б.Бисенов 2023 жылда да қарғын су Батпақты өзенінің суы көтеріліп, Бестамақ ауылына екінші жыл кірді, сондықтан ауылды судан қорғау мақсатында бөгет салуды ұсынды.

Аудан әкімі азамат А.Елекевтің тұрғын үйін сатуына байланысты, қазіргі таңда келісіліп аудандық бюджеттен қаражат бөлініп тұрғын үй сатып алына-тын айтып, екінші сұрақ бойынша елді мекен шегінде ауылды судан қорғау мақсатында 500 метр бөгет тұрғызылатын жеткізді. Ал, Ақкемер ауылындағы кездесуде Жамбыл мектеп-балабақшасының мұғалімі К.Изинова Ақкемер ауылына көктемгі су тасқыны салдарынан зардап шеккендерге үй құрылысы

қашан басталатынын сұраса, зейнеткер Қ.Меңдіғалиев Ақкемер ауылындағы жаңадан салынатын үйлердің құрылысы аумағына ұңғыма құдық қазу қажеттігін айтты. Жамбыл мектеп-балабақшасының директоры Қ.Абылғазин Ақкемер ауылы көшелерін қырып, тегістеу үшін техника жіберуді өтінді. Бұл сауалдарға да аудан әкімі «Мердігер компаниялармен келісілді, құрылыс жұмыстары бастала-тын болады». Ал, екінші мәселеге орай аудандық мәслихаттың келесі сессиясына сұраныс беріліп, қаражат бөлінген соң ұңғыма құдықтардың қазыла-тындығын жеткізді. Ауыл көшелерін тазалауға, тұрғын үйлердің орнын тегістеу үшін аудандық бюджеттен қаржы бөлініп, техника жіберіледі. Кемер ауылындағы кездесуде зейнеткер Б.Бисенов ауылдың орталықтандырылған ауыз су стансасының айналасын тасқын судан қорғауды ұсынды. Бұл мәселе де күн тәртібіне қойылды.

## ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР БАЯНДАЛЫП, АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР ПЫСЫҚТАЛДЫ

ӨТКЕН АПТА АУДАН ӘКІМДІГІНДЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ТӨРАҒАСЫ МАРАТ АРЫСТАНОВ ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТКЕН ОТЫРЫСҚА ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІ МЕН БІРҚАТАР БӨЛІМ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ.



Қоғамдық Кеңестің күн тәртібінде аудан тұрғындарына көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы, 2023 жылға атқарған жұмыстары және 2024 жылы атқарылатын жұмыстары туралы, Төтенше жағдай кезінде орын алған жұмыстар мен зардаптарды орнына келтіру туралы мәселелер ұсынылды. Алдымен Аудандық пошта байланыс то-рабының басшысы Р.Оралбаева, «Ойыл Су» КММ директоры Б.Галиакбаров, «Энергосистема» ЖШС-ның Ойыл аудандық бөлімшесінің басшысы С.Қартбаев, «Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Ақтөбе облысы

бойынша филиалы халыққа қызмет көрсету бөлімінің басшысы А.Бақтыгереев, Ойыл газ шаруашылығының менеджері Б.Мақсотұлы жасалған жұмыстар мен алдағы міндеттерге тоқталып өтті. Баяндамаларды мұқият тыңдаған қоғамдық кеңес мүшелері бірқатар сауалдарын қойып, атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттердің кейбір тұстарын талқылай келе ұсыныс-пікірлерін жеткізді. Кеңес жұмысын кеңес төрағасы қорытындылап, айтылған ұсыныс-пікірлер ескеріле отырып, ұсыным қабылдап және орындалуы бақылауда болатынын білдірді.

## ДАЛА ӨРТІ - ТІЛСІЗ ЖАУДЫҢ КӨЗІ



Даладағы өрттердің бәрі негізінен сыртқы себептерден болады.

Құрғақ шөптердің арасында өрттің көзі жоқ. Дала құрғақ шөптерінің жануы кейде найзағайдан болады, бірақ орман дала өрттерінің пайда болуы адамдардың неміқұрайлығынан болады. Орман дала өрттері болуының ең маңызды себептері: - сөндірілмеген шылым немесе тұрмыстық мақсатта жағылған от;

- орман маңындағы жолда жүргізушілер майланған материалды тастап кетуі, қауіпсіздік техникасының ережелерін бұзып техникаға жанармай құю, келіктің жанында шылым шөккен және т.б.;

- орман ішіне саяхаттаушылар кепкен шөптің үстіне от жағуы;

- орман алаңдарында шөпті немесе орманның жанындағы егістік алқапта орылған егіс қалдығын жаққан;

- күн шұғыласы түсетін жерге тасталған шынының сынығы жауын-ғашы линза тәрізді күн сәулесін жануы;

- орманда шаруашылық жұмыстарын кезінде қоқысты

жағу, жолдың жиектерінде, электролиниялар мен құбырларды салуы және т.б.).

Орман өрттер төменгі, жер астындағы (торфты) және жоғарғы болады. Төменгі өрттерде (барлық оқиғалардың 90%) ағаштардың шөптердің төменгі жағы, шөп, шөпшек, жерден шығып тұрған тамырлары жанады.

Таралу жылдамдығы - 1 метрден 3 метрге дейін, жалынның биіктігі - жарты метрден 1,5 метрге дейін. Минутына 3-4 м жылдамдықта өрт 10-14 сағатта үлкен өртке айналады.

Жоғарғы жиі болатын өрт қатты желде болуы мүмкін: от ағаштардың ұшар бастарынан минутына 5 метрден 100 метрге дейін және одан да жоғары жылдамдықпен өтеді. Жел жанып жатқан бұтақтарды және ұшқындарды таратады, олар өрттің жаңа ошақтарын тудырады.

Шымтезек өрттер ақырын қозғалады, тәулігіне бірнеше метрден. Олар жер астынан оттың кенеттен шығуынан және олардың шеті кейде көрінбей жанған шымтезекке түсіп кету мүмкіндігінен өте

қауіпті. Сондықтан өрт болған жағдайда шымтезекті батпақтарға жоламау керек, ал егер шымтезек алаңынан өту қажет болса, онда тек топпен ғана жүру керек, бірінші келе жатқан адам топырақты бақанмен тексеру керек. Жер астындағы өрттің белгісі - жердің ыстық болуы, топырақтан түтіннің шығуы.

Шағын өрттерді 3-5 адамнан құралатын топ арнайы жасалған сапалақпен жарты сағаттың ішінде тоқтата алады. Отты сабалап, өрт басталған жағына лақтыру керек, шағын жалынды аяқпен басуға болады.

Тағы бір таралған әдіс - өрттің шетіне топырақ тастау. Бірінші күрекпен топырақты алып жалынды қағу керек, содан соң топырақтан қалыңдығы бірнеше сантиметр, ал ені жарты метрге дейін тұтас жол жасау керек.

Бір адам жарты сағат ішінде 20 метр шамасында өрт шетін қағуы мүмкін.

Егер сіз орманда шағын өртке кезіксеңіз, оны тоқтату үшін дереу шаралар қолдану керек, сонымен қатар мүмкіндігі бол-

са, жақындағы елді мекенге немесе орман шаруашылығына біреуді көмек шақыруға жіберіңіз.

Апат аймағында әкімшілік басқармасының ерекше заңдары әрекет етеді, осы заңдар барлық күштерді және техниканы өртті сөндіруге қолдануға рұқсат етеді.

Егер сіз орман дала өртін сөндіретін топқа кірсеңіз, онда сізге өрт сөндіру тактикасын білу қажет, паналайтын жерді және оған баратын жолды білу қажет. Әр топта жерді жақсы білетін жолсерік болу керек. Егер түтін аймағындағы көз көрерлік 10 метрден аз болса, онда оған кіруге болмайды.

**Орман дала өрті аймағынан қалай шығуға болады?**

Егер өртпен күресе алма-саңыз, одан кетіп қалу жеткілікті: жаяу жүргіншінің жылдамдығы - минутына 80 метрден көп, ал төменгі өрттің жылдамдығы - 1-3 метр. Өрт шегіне перпендикулярлы жел жаққа қарай орман жолымен, алаңдармен, өзен-дердің және жылғалардың жағаларымен жүру керек.

**Ойыл ауданының ТЖБ бөлімі**

ТҮЛАЙЫМ АМАНЖОЛҚЫЗЫ

Әрбір бала бір тұлға, олардың өмірден орын тебуіне бірден-бір себеп болған папаның еңбегі ерекше болды.

«Өкеден - өсиет, анадан - қасиет» демекші, папаның балаларға айтар өсиеті де, бойындағы көпке үлгі қасиеті де мол еді. Соның біразына тоқталып өтейін. Папаның ең үлкен қасиеті - бауырмалдығы болатын. Төрт ағайынды - екі қыз, ағасы және өзі болды. Жалғыз ағасы Қыдырбай мен папам бір-бірінің атын атамайтын. Менің папам ағасын өмір бойы Қыдеке деді, ал ағасы жасы кіші інісін Әбеке деп атады. Өкелерімдіздің негізгі атажұрты - Ойыл ауданы, Берсиев өңірі. Руы таз, бөлімі Ботақан. 1964 жылы Жекендінің Қаракөл деген аулына алдымен папам веттехник болып жұмыс бабымен көшіп барады. Көп ұзамай ағасын да көшіріп алады. Осы екі ағайынды өкелеріміз, бір-біріне өте жанашыр боп өскенін көріп өстік. Үлкен өкеміз Қыдырбай совхоздың мың қойын бағып, қыста Кіші-жақсыкөлді қыстақ етіп, жазда Қашарөлген жайлауын мекен еткен шолан болды. Балалық шағымыздың көбі осы екі ауылдың ортасында өтті. Жаз айы басталысымен папам бізді уазына тиіп қой ауылға әкеп тастайды. Ондағы ойы еңбекке аралассын, үлкен ағасына қол көмектерін берсін деген ой болу керек. Ер балалар жағы таңнан тұрып қойды жайылысқа жайып кетеді. Ал қыздар үйден біраз жер қашықта орналасқан сиыр ауласына үлкен шешемізге еріп барып, сиыр сауысамыз. Құрт жасауға, май шайқасуға көмек береміз. Қолдары ұзарған папа-мамамыз (үлкен өкемізді де папа дитінбіз) бізді айналып, толғанып отырады. Содан бір күні мынадай қызық оқиға болды. Үлкен папамыз өте балажан, аңқаулау кісі еді. Ал мамамыз пысық, тілді кісі. Отырған жерін той-думан қылып, әркіммен қалжыңы жарасқан жан еді. Бойы бекене осы шешеміз «құдай маған бой бермесе де, сала құлаш тіл берген» - деп тіпті өзінің шалымен де қалжыңдаса беретін. Ертелетіп ат жегіле бастаса бірден үлкендердің қонаққа жиналғанын аңғарамыз. Үлкен папам қара костюм шалбарын киіп, шешей бар тәуірін үстіне іліп арбаға отырып жатты. Содан папам шешейден қол орамалын сұрады, шешей орамалыңды қалтаңа салдым - деді. Қолың қалтасына сала берген үлкен папамыз, арбадан жерге ұшып секіріп түспесі барма. Бәріміз аң-таңбыз. Ойбай, жылан деп үйді айнала қашты. Шалының жылпаннан қатты қорқатынын білетін шешей, қалтасына су жылан салып қойыпты. Су жылан ағаш үйдің айналасында толып жүреді, адамға зияны жоқ, шақпайды. Дегенмен жыланның аты - жылан, түрі қорқынышты, суық. Ал, үлкен папам ойбайын салып жатса, шешей екі иығы дірілдеп күліп отыр. Біз енді мамамызға мықтап тұрып сыбағасын беретін болды-ау. Әп-әсем боп қонаққа бара жатқан көңілдері бұзылатын болды-ау, енді не болады екен деп тұрсақ, үлкен папам, Әй, антұрған Ақтөнге ойының осылғыр, сеніме - деп, зілсіз сөйлеп кеп, арбаға отырып жатыр. Осы үлкен шешеміз қайнысы менің папамды Терем деп, екі қайынсілісін Еркежан деп аттарын тура атамайтын. Алыс жайлауда көпшіліктен шалғай ағайын-туғанмен қатар-құрбысын аңсайтын болу керек,

ӘКЕ

кейде өз-өзінен күңкілдеп сөйлеп жүретін. Сондағысы өзі хансарайындай зәулім үйде тұрады, біз қара қойдан басқа ештеңе көрмейміз - дегенге саяды. Бұл сөздер тура менің папамның адресіне арналып айтылып жатқан сөздер екенін ішімнен сезіп, күрсініп қоямын. Сондай күндері папам келе қалса, көпке дейін райын бермей қабағы ашылмайтын. Папам, Әй, Мықыр Иванович саған не көрінді айдың аманында, давай нең бар қазанға сал, - дейтін. Жеңгесін бойына қарай солай атайтын. Түксііп отырған шешей бірден қабағы ашылып, шоланнан қағаз қапшықты суырып әкеп, әй қыздар төрменен аяғанды ит жесін, қазанға салыңдар - деп сақтап жүрген сүр етін бізге беретін. Анам абысынын жеңешем, қайнағасын ағакем деп атады. Ой, жеңешем ашуы шай орамал кепкенше ғой, - деп күлетін анам. Менің қой ауылдағы уақытым бір апта, одан асса он күн болатын. Үйді сағынып, кеткім келе бастайды. Күнде ертеден кешке дейін ұзын қара жолды қараумен боламын. Бір қарайған көрінсе, папам шығар деп қуана көзім талғанша қарайтынмын. Жоқ, ол жөніне кетіп бара жатқан машина боп шықса көңілім түсіп, жабырқап қаламын. Шиден өрілген шолан деп аталатын күркенің ішінде «Волга» деген сүт тартатын машинаны ызығытып отырған шешей үнемі бір әуендерді ыңылдап отыратын. Ызылдаған машинаның үнін емес, шешемнің әнін тыңдағым кеп күркенің жанына тақалып құлағымды тосамын. Көшкенде жылқы айдаймын-ау алаңменен, Ауылыңа барушы едім-ау далаңменен-ай, әридаш-ау, әридаш, - деп көтеріңкі басталған әнінің соңын ала, Ауылың көшіп барады Алмалыға, кім көнбейді тағдырдың салғанына, - деген мұңлы әуенге ауысады. Кішкентай бөлсам да осы әндер менің жүрегімді қозғайтын. Көз алдыма үй-ішім, папам мен анам, бауырларым келіп, оларды сағынып, көзімнің жасы парлайтын. Сөйтіп жылап-сықтап жүрген күннің бір кешінде папамның қара уазы зулап келе жатады, ен даланың шаңын көтеріп... Қуанышым қойныма сыймай, даладан үйге шауып кіріп, сүйіңші сұраймын ғой. Үлкен шешей орынан қозғалмай, шайын сораптап отыра береді де, үлкен папам орынан ұшып тұрып, ау жалғызым бір апта келмегесін түсіме кіріп жүр еді, жұмысының реті осылай болған ғой деп бізбен бірге далаға шығады. Менің папамды «аналады, аналады» деп құшақтап қарсы алады. Ол айналайын деген сөз екен. Содан папам мен кіші балдар төрге шығып, анам шоқаяқты өзіне икемдеп шай құя бастайды. Көрмеген бір аптаның әңгімесі қою шайдың аясында әдемі өрбіп жатқанда, мен папамның артынан құлағына кеп сыбырлап үлгерем. Папа, үйді сағындым, ауылға кетем деймін. Папам басын изейді. Қазан асылып, ет жел, бәріміз далаға шығамыз. Ал, Қыдеке балдар үйді сағынған екен, ауылға алып кетейін - деуі мұң екен үлкен папам мен шешемнің қабағы түсіп кетеді. Машина оталады, шақ тұрған біздер кабинаға секіріп, та-

ласа мінеміз. Қараңғы дала, гүрлдеген движоктың үні, сығырайған жарықтың астында екеуі қала береді. Неге бізді тастап бара жатсыңдар, - дегендей машинаға ілесе шәуілдеген иттер ақыры жете алмасын біліп қала береді. Осы көрініс менің жүрегімді ауыртып, біразға дейін өзімді кінәлі адамдай сезініп жүремін. Ауылға келгесін сол көрініс көпшілік арасында тез ұмытылып кете барады. Бірақ бірнеше күннен соң папамның «жайлау операциясы» міндетті түрде жалғасады. Сөз басында Әкемнің бойында қасиет көп болды деп едім, соның тағы бірі - папам өте еңбекқор жан болатын. Таңның атысы, күннің батысы совхоздың бас мал дәрігері болып көп жылдар жұмыс жасағанда, ауылдың бүкіл қыс қыстағын, жаз жайлауын аралайтын. Сонда деймін-ау біздің ауылдың қара қойы Москва сияқты үлкен-үлкен қалаларға азық ретінде тасылады екен ғой. Әйтеуір жаз ортасынан бастап, ауылға жүздеген машиналар, қаптаған тіркемелері бар шұбыр келетін. Бәрі біздің үйге тоқтап, ауқаттанады. Машиналарының тележжасында сыңсың қойлар қаптап тұратын. Біз балалар қойларды санаймыз деп, санынан жаңылып қалатынбыз. Жаңағы ұзын-ұзын прицептері бар машиналарды колхида деп атайды. Әр колхидада бір шофёр және ауданның бір өкілі болады. Шоферлардың көбі орыс ұлты өкілдері. Папам солардың бәрін үйіріп, орысша да сөзді келістіріп айтып күлдіріп отыратын. Кейбірімен жақсы сыйласып, дос боп кетті. Дядя Федя деген жолдасы, ой сенде көп бала дейтін көрінеді келген сайын. Әр келгенде қапшық-қапшық картоп, сәбіз, қызылша, капустасын төгіп кететін. Совхоздың қым-қуат тынымсыз тіршілігінен қолы босай қалса, үй тірлігін дөңгелетіп шыға келетін папамның қолынан балғасы мен шегесі түспейтін. Өзі есік алдына көлеңке күрке, шай ішетін столдар, отырғыштар жасай салу түк еместей еді. Дегенмен де бала тәрбиесіне бәрібір қатал болды. Біздің бір жерге орынсыз баруымызға, қыдыруымызға жол жабық болатын. Бізден үлкен ағаларымың сабағын мұғалімше тексеретін. Күнделік қарап, үйге берілген тапсырманы сұрайтын. Тағы бір қасиеті - өте қонақжай папам, біресе ауданнан өкіл келе жатыр деп, біресе астанадан артист келе жатыр деп жүрегін қолына ұстап үйге қуана келетін. Бұл аралықта папам совхоз партия комитетінің басшысы (партком) болған кезі. Директордың оң қолы, ауылдың бар тыныс-тіршілігіне жауапты қызметкер боп жоғарылады. Өмірі бітпейтін қонақтан мезі баламыз. Үлкен даңқты совхоз бола тұра, бір қонақүйінің болмауы сол кезде қонақ келсе, көп күш түсетін қыздар жағына ұнамайтын. Содан бір күні папам жаймашуақ шай ішіп отырғанда, былай дедім. «Папа, біздің үйдің маңдайына қонақүй деп жазып қояйық» - деп сөз тапқандай боп ренішімді білдірдім. Сонда папам жаймен, «Қарағым, әр қонақ өз несібесімен келеді, ешуақытта тарылма қонақ үшін, қонақ көп келетін үйге береке өзі келеді» - деді. Мен

ұялып бекер айттым-ау деп төмен қарарым. Өсіп келе жатқан қызбыз, үйдің ішінде дұрыс мебель жоқтығы да жанымызға батады. Өсіресе астана, облыстан келген қонақтардан ұят деп ойлаймыз. Бір күні тағы да үйдің көсемі атанып алған мен сөз бастадым. Үйдің үлкен қыздары, сен күшті сөйлейсің дегенге қонақтап қоям. Папа, өзің бастықсың, үйіңе келмейтін қонақ жоқ, үйге мебель алуды неге білмейсіз - дедім тыңнан сөз бастап. Осы қалай интеллигенттер үйлерін әжептәуір түзеп алған кез еді. Ол кезде дүние қат уақыт. Ауылда совхоз директорынан кейінгі авторитет - дүкеншілердің тізіміне жазылған папаның кезегі сол ауылдан көшкенше келмеді. Бұл да папаның дүниеге қызықпағанының белгісі. Сол кезде елге танымал атышулы - Асанәлі Әшімов, Ришат Абдуллин, Нуржамал Үсенбаевалар біздің үйдің қонақтары болғанын папам мен анам келген қонақтарға ауыздарының сулары құрып, әңгімелеп отыратын. Ал өздерінің араласатын достары келгенде, папам қатты қуанып, үкілі домбырасына қол созатын. Құйқылжыған күйлерді төгілте ойнаған папаның номерінің соңын ала аналарымызбен қосыла шырқаған әніне ұласады. Папаның достары келгенде қуанатын үйдегі бірінші адам ол менмін. Тегін концерт көрем ғой. Олар үлкен залда, кең жайылған дастархан басында шалқып өн шырқай бастағаннан, мен иегімді қолыммен тіреп жата кетемін. Бұлбұл құс туған жерден гүл іздейді, Құштарын күдерінен бір үзбейді. Келесің гүл боп еркем көз алдыма, Өзіңді мен іздемей кім іздейді, - деп шалқыта түседі. Өбден масаттанып тәтті тағам мен көтеріңкі күйде асып-тасқан қонақтар, есіктің босағасында қылқиып жатқан мені еш байқамайды. Қонақ дегеннен шығады. Үй-іші толған кішкентай бала. Анам алыстан өсіресе облыс орталығынан немесе астанадан артист келеді деген күні, кішкентайларды ағакем аулына апарып тастау керектігін, әйтпесе қонаққа жағала-сып мазасын алатынын қатты қадағалайтын. Сондай қызу дағдындық үстінде үйдегі төрт кіші ұл мен бір қызды қалай жайлауға апару керектігі туралы шағын кеңес құрылды. Содан бір үлкен ағам тұрып, оларды қызғалдақ теріп келіндер деп алдайық деді. Содан балаларға қызғалдақ теріп келіндер, қонақтардың алдынан шығып бересіңдер дедік. Аңқау балақайлар қуанып, шулап қолдарына бір-бір қапшық ұстап машинаға мініп-миніп алды. Бұл тамыз айы, қайдағы қызғалдақ дейтін ешкім жоқ. Содан машина құйғытып алып таяды. Маршрут белгілі. Жақсыкөл жайлауы. Қыз деген қу болады ғой, кішкентай сіңлім дәуде болса, осы кісі бізді қой ауылға қарай апара жатыр деп ойлайды да, аға, қазір жайлауға барғанда мына ер балдар түсе берсін, мен сізбен кейін қайтамын дейді. Қызғалдақ көзден бұлбұл ұшып, машина ызғып кеп жайлаудағы ағаш үйді сүзе тоқтайды. Кабина ашылып ішінен ер балдар топырлап түсіп жатып, алданғандарын біледі. Манағы шофёр ағай кішкентай қыз деп аяды ма, сіңлімді үйге әкеп тастады.

(Жалғасы келесі санында)

ТАЗАЛЫҚ ТАЛАПТАРЫ САҚТАЛСА... ВИРУСТЫ ГЕПАТИТТЕР ТАРАЛМАЙДЫ!

Гепатит инфекциясы бүкіл әлемде кең таралған. Вирустық гепатит - бұл А, В, С, D, E гепатитінің вирусы бауырдың қабынуына соқтырады. Бұл вирустар әртүрлі жолдармен таралды: А және E гепатиттері ластанған тамақпен су арқылы жұқса, В гепатиті қан және дененің басқа сұйықтықтары арқылы, С гепатиті негізінен ластанған қан арқылы тараса, D гепатиті В гепатиті болған кезде қосымша инфекция ретінде таралады. Осы вирустардың барлығы жедел гепатитке әкеледі, оған шаршау, төбеттің төмендеуі, дене қызуының көтерілуі, сарғаю тән. Көптеген науқастар толығымен сауығады. Сонымен қатар В және С гепатиті инфекцияларын созылмалы түрге ауысып, цирроз бен бауыр ісіктеріне әкелуі мүмкін.

Аурудың ұзақ мерзімді динамикасын талдау бойынша соңғы 20 жылдан астам уақыт ішінде жедел вирустық А және В гепатитіне қарсы жүйелі имундаудың арқасында жедел вирусты гепатитпен сырқаттанудың тұрақты төмендеуі байқалады. Өзіңізді гепатит

инфекциясынан қорғау үшін қарапайым қағидаларды сақтауыңыз керек. Гепатит инфекциясын қауіпсіз тамақпен және сумен қамтамасыз ету (Гепатит А және E), вакциналар (А, В және E гепатиттері), донорлық қан скринингі, зарарсыздандырылған инъекциялық жабдықтармен қамтамасыз ету және инфекциялық бақылау (В және С гепатиттері) арқылы алдын алуға болады. Қайнамаған суды ішпеңіз, жемістер мен көкөністерді әрдайым жуыңыз, тағамның термиялық өңдеуін назардан тыс қалдырмаңыз. Осы ұсынымдарды орындау арқылы А гепатитін жұқтырудың алдын алуға болады. Жалпы басқа адамдардың дене сұйықтықтарымен, өсіресе қанмен байланыста болудан аулақ болғаныңыз жөн. Микроскопиялық мөлшерде қан ұстараларда, тіс щеткаларында, тырнақ қайшысында қалуы мүмкін. Бұл заттарды басқа адамдармен бөліспеңіз. Стерильді емес құрылғылармен пирсинг пен татуировканы жасауға болмайды. Жыныстық қатынас кезінде сақтық шараларын сақтау керек.

Ж. МОЛДАШҚАЛИҚЫЗЫ, Ойыл аудандық ауруханасының дәрігер эпидемиологі.

АДАМ ПАПИЛЛОМАСЫ ВИРУСЫ



АГВ дегеніміз не?

Адам папилломасы вирусы - бұл теріні және дененің әртүрлі бөліктерінің шырышты қабықтарын зақымдайтын вирустар тобы.

АГВ вирусы қандай қауіп төндіреді?

Вирус жылдам таралуға қабілетті, қатерлі ісікті өзгертуге әкелетін қоздырғышқа айнала отырып, соның салдарынан, қатерлі ісік дамытуымен қауіпті. Жыл сайын Қазақстанда жатыр мойны обырының 1900 жуық жаңа жағдайлары тіркеледі. 600-ден астам әйел бір жылда осы патологиядан көз жұмады. Біздің елімізде жатыр мойны обыры барлық жастағы әйелдер арасында сүт безінің обырынан кейінгі кең таралған обырдың екінші түрі болып табылады.

АГВ вирусы қалай беріледі? АГВ вирусы адамнан адамға келесі жолдармен беріледі:

Тұрмыстық жанасу жолымен АГВ қол алысу, сүйісу, терідегі зақымданулар арқылы берілуі мүмкін. Вирус ылғалды ортада тез таралады, сондықтан қоғамдық орындарға - сауналарға, моншаларға, спорт залдарына, дәретханаларға, бассейндерге барғанда өзіңізді ұқыпты ұстағаныңыз дұрыс.

Жыныс жолымен

Вирустардың онкогенді типтері жыныстық жолмен берілгенде жыныс мүшелері аймағында орналасатын ұшы сүйір сүйелдер тудырады.

Тікелей жолмен туу кезінде

Вирус анадан сәбеге оның босануы жолдарымен өту кезінде беріледі. Сүйелдер

көбіне нәрестелерде өмірінің алғашқы жылдарында ауызда немесе теріде пайда болады.

Өзін-өзі жұқтыру жолы

АГВ қырыну немесе эпидемиология кезінде дененің бір бөлігінен екінші бөлігіне жиі ауысады.

АГВ-ға қарсы вакцинаны өңдеу

Бүгінгі таңда АГВ емдеу жолы жоқ, алдын алудың бірден бір әдісі - бұл вакцинация. Жатыр мойны обырының (ЖМО) дамуына әйелдің АГВ инфекциясын жұқтыруы себеп болатыны ғылыми дәлелденген. Адам папилломасы вирусына (АГВ) қарсы вакцина 15 жылдан астам уақыт бойы пайдаланылады және Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстанды қоса алғанда, дүниежүзінің 135 мемлекеттерінде жасалынады.

2024 жылғы күзден бастап Қазақстанда 11 жасар қыз балаларға АГВ-ға қарсы вакцинация жүргізілетін болады. АГВ-ға қарсы вакцина мектептерде немесе тіркелген мекен-жайы бойынша емханаларда екеп кабинеттері арқылы тегін негізде қолжетімді.

Вакцинация қарсы көрсетілімдер болмаса, дәрігердің қарап тексеруінен кейін ата-аналарының немесе қамқоршыларының хабарланған ақпараттандырылған келісімімен жүргізіледі. АГВ-ға қарсы вакциналар имунитеті әлсіреген адамдар үшін қауіпсіз.

ЖМО (жатыр мойны обыры) - жалпыға бірдей АГВ өкпесімен вакцинациялау арқылы толығымен алдын алуға болады!

Ғ. ҚҰБАЕВ,

Ойыл аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07. Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1409 дана. Тапсырыс 677 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525 «Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонна хабарласуға болады.

# ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ ҚОҒАМДЫҚ ШТАБТЫҢ НАЗАРЫНДА



Ағымдағы жылдың 24 мамыры күні аудандық қоғамдық штаб мүшелері мен аудан әкімінің орынбасары Н.Тұрғамбеков, аудандық білім бөлімінің бас-

шысы С.Меруенов Ш.Берсиев атындағы ауылдық округіне қарасты Қаратал ауылында болып, тұрғындармен кездесті. Кездесу барысында ауыл-

дан жаңадан тұрғын үйлердің салынып жатқандағы және ауылда тұрақтану мәселесі, сонымен қатар мектептің күрделі жөндеуден өткізілетіндігі жөнінде айтылып, халық арасында түсінік жұмыстары жүргізілді. Ертесіне қоғамдық штаб мүшелері мен аудан әкімінің орынбасары Н.Тұрғамбеков, «Көкжар» МКК, «Энергосистема» ЖШС және Ойыл газ шаруашылығының өкілдері Ойыл ауылдық округіне қарасты Екпетал, Жаңабаз елді мекендерінің тұрғындарымен кездесті.

Кездесу барысында жаңадан салынатын тұрғын үйлердің құрылысы барысымен таныстырылып, сонымен қатар газ, су, электр желілері жүргізіліп тұрғандығы айтылды.

# ҚҰМАР ОЙЫН ҚҰРДЫМҒА ИТЕРЕДІ

ӨТКЕН АПТА АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ АРАСЫНДА ЛУДОМАНИЯ, ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТЫҚ, НАШАҚОРЛЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҚСАТЫНДА ІС-ШАРА ӨТТІ.



XXI ғасырдың дертіне айналған құмар ойындар, нашақорлық, түрлі сипаттағы қылмыс бүгінде барлық жас санатындағы адамдарға әсер етіп, күнделікті өмірдің бір бөлшегіне айналған. Осыған орай, аудан орталығындағы Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп гимназиясы, Ж.Жүсі-балиев атындағы қазақ орта мектебі, Ойыл қазақ орта мектебінің жоғары сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев, ау-

дандық прокуратурасының прокурор көмекшісі Сәбит Меңдібаев, аудандық полиция бөлімі бастығы, полиция подполковнигі Ардақ Қангелдин, аудандық білім бөлімінің әдіскері Алтынай Наурызова қатысты. Іс-шара барысында Жан Ақжанов қатысушыларға құмар ойындарға немесе лудоманияға бейімділік тудыратын қоғамдағы мәселелер туралы айтып берді. Жасөспірімдердің өзін-өзі бұзатын мінез-құлқына қатысты тақырыптарды қозғады. Кездесу ойынға тәуелділікті жеңу-

дің шешімдері және жолдарын табуға бағытталған. Жастар арасындағы құмар ойындарына тәуелділікті азайту мақсатында өткен шарада лудоманияның зияны мен салдары туралы толығырақ, тереңінен түсіндірілді. Сондай-ақ, нашақорлықтың зияны туралы, жастар арасында құқықбұзушылық, интернет алаяқтықтың алдын алу жөнінде заң шеңберінде түсінік жұмыстары жүргізілді. Жастар тарапынан сұрақтар қойылып, тиісті өкілдерден жауаптар берілді.

# ӘН МЕРЕКЕСІ — «ӘНШУАҚ»

Ақпан айынан бастап ҚР Оқу ағарту министрлігінің үйлестіруімен елімізде «Әншуақ» қазақ тіліндегі балалар ән фестивалі бастау алған болатын.

Балалар әндерін қазақ тілінде насихаттау және тарату мақсатында ұйымдастырылған фестивальдің алғашқы іс-шарасы тик-ток әлеуметтік желісінде қазақ тіліндегі балалар әндерінің жанды дауыста орындалған бейнесін орналастыру арқылы челлендж түрінде өткізілуде.

Республикалық қазылар алқасы қазақ тіліндегі балалар әндері орындаушылары қатарынан челлендж кезінде ең көп қаралым жинаған танымал балалар әндерін және гала-концерт бағдарламасына қосу үшін таңдалғандардың ішінен ең жақсы әндерді анықтайтын болады.

1 маусым халықаралық балаларды қорғау күні мерекесі аясында республикамыздың барлық жерінде бір мезгілде сағат 11-де – «Open-Air» «Әншуақ» балалар әндерінің концерттері өткізіледі деп күтілу-



де. Бұл күні балалар мен ересектер арасында ең көп дауыс жинаған қазақ тіліндегі балалар әндері шырқалады. Ал, фестиваль жеңімпаздары Астана қаласында өтетін Гала-концертте өнер көрсететін болады. Ойыл аудандық балалар музыка мектебінің вокал, хор классы оқушылары да челленджге белсенді қатысуда. Сонымен қатар фестивальді қолдау мақсатында мекте-

пішілік шаралар мен концерттерде қазақ тіліндегі балалар әндерін орындауды жолға қойды. Мектеп педагогтері мен оқушылары фестивальдің қорытынды концертіне қызу дайындалуда. Ендеше, балалар мерекесінде бәріміз «Әншуақ» әндерін бірге тамашалайық!

Л.Сабиржанова,  
Ойыл аудандық балалар музыка мектебі директоры.

# «ЖАС ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ИНСПЕКТОРЛАРЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕЗЕҢГЕ ЖОЛДАМА АЛДЫ

ӨТКЕН САНЫМЫЗДА «ЖАС ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ИНСПЕКТОРЛАРЫ» ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ АУДАНДЫҚ БАЙҚАУ СЛЕТІНЕН ОЙЫЛ ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ ОБЛЫСТЫҚ КЕЗЕҢГЕ ЖОЛДАМА АЛҒАНЫН ЖЕТКІЗГЕН БОЛАТЫНЫБЫЗ.



Ал, 22 мамыр күні Ақтөбе қаласында байқаудың облыстық кезеңі өтті. Аталған байқауға ауданымыздың жеңімпаздары, облысқа жолдама алған Ойыл қазақ орта мектебінің оқушылары жоғарғы деңгейдегі дайындықтарымен бірінші орынға ие болды. Сонымен республикалық слет байқауына жолдама алды. Жеңімпаз атанған Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы мен оқушыларын жеңістерімен құттықтаймыз! Алдағы республикалық байқауға сәттілік тілейміз!

# ТҮЛЕКТЕРДІҢ ТАРТУЫНА ҰЛАСҚАН СОҒҒЫ ҚОҢЫРАУ САЛТАНАТЫ



Мектеп тарихында өзіндік сән салтанатымен дәстүрлі түрде қайталанып отыратын мереке - соңғы қоңырау. Міне, тағы бір оқу жылы аяқталып, соңғы қоңырау үні де сыңғырлады, оқу жылы қорытындыланды. Соңғы қоңырау басталған кездегі үш толқын ұрпақтың - ата-ана, ұстаз, шәкірт жүздеріндегі алаулаған шаттықты, көздеріндегі шуақты нұрды, көңілдеріндегі алабуұртқан сезімді көрмеу мүмкін емес. Биылғы шара жылдағыдан

ерекше, өзгеше өтті. Өйткені мектебімізде алтын ұясымен қоштасқан әр жылғы түлектер бас қосты. Атап айтсақ, алтын ұядан жарты ғасыр бұрын ұшқан, яғни 1959 жылғы түлектер, 30 жыл бұрын ұшқан, 1977 жылғы түлектер, 20 жыл бұрын ұшқан түлектер, 1987 жылғы түлектер. Бұл түлектердің әр қайсысы әртүрлі мамандықты игеріп, еліміздің өркендеуіне өз үлестерін қосқан, өз орталарында абыройлы еңбек ардагерлері,

асқар тау әке, аяулы аналар. Түлектердің дені кең байтақ туған жеріміздің іргесі - ауылды көркейтіп, туған жерді көркейтуге атсалысқан жандар. 50 жылдық, 30 жылдық, 20 жылдық кездесуге түлектер алтын ұя мектебіне үлкен сый-сыяпатпен келген. 1959 жылғы түлектер плазмалық теледидар, 1977 жылғы түлектер караоке тарту етсе, 1987 жылғы түлектер ауылдың кіре берісіне «Ақкөмер ауылы» белгісін орнатты. Шара барысында көп жылдарды артқа тастап қауышқан түлектер жүрек жарды лебіздерімен бөлісті. Бұл күн мектеп тарихында, мектеп түлектері есінде мәңгі қалары анық. Араға жылдар салып сағынысып кездескен әр жылғы түлектер туған жерлеріне тағзым етіп, «Сан қыранды самғатқан» алтын ұясында бас қосып, ерекше әсер қалдырды. Мектеп ұжымы атынан Тәуелсіз қазақ елінің дамуына, туған жеріміздің көркеюіне үлес қосып келе жатқан еңбектеріңізге шексіз алғыс білдіреміз!  
Қалыбек ӨБІЛҒАЗИН,  
Жамбыл мектеп-балабақшасының директоры.

## ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ - 2024

АУДАНДЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОЧТА» АҚ АРҚЫЛЫ  
2024 ЖЫЛДЫҢ ІІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

| ИНДЕКС | ЖАЗЫЛУШЫЛАР САНАТЫ                                    | 6 АЙ    |
|--------|---|---------|
| 65525  | ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА                                       | 3292,42 |
| 66525  | ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА                                      | 4971,92 |
| 67525  | ЖЕҢІЛДІКПЕН ЖАЗЫЛАТЫНДАРҒА<br>(БАРЛЫҚ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ) | 2812,42 |

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ: 2-11-07, 2-19-02 (РЕДАКЦИЯ)  
2-19-98 («ҚАЗПОЧТА» АҚ)

## МӘДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕГІ БАҒАЛАНДЫ

21 мамыр - Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай Ақтөбе қаласында мәдениет қызметкерлерін марапаттау салтанаты өтті. Салтанатты жиында саланың жетістіктері айтылып, сахна санлақтары арнайы марапатталды. Елді рухани байытып, өнеріміз бен мәдениетімізді дәріптеген жандарға құрмет көрсетілді. Озаттар «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісін тағынды. Ойыл аудандық орталықтан-дырылған кітапханалар жүйесіне қарасты Ақжар модельді ауылдық кітапханасының кітапханашысы Назгүл Қазиева «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталса, мәдениет саласы ардагері Жаңылдық Бисенғалиева Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағының «Еңбек даңқы» төсбелгісімен наградалды. Ал, аудандық мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Индира Шегирова облыс әкімі орынбасарының Алғыс хатымен марапатталды. Р.С Қобда ауданының 95 жылдығына арналған «Қобданың ақ таңы» облыстық өн байқауына аудандық мәдениет үйінің музыка жетекшісі Асыл Досбаева қатысып, Алғыс хат және де ақшалай сертификатпен марапатталды.